


МАРАФОНШЫ ТӨЛЕУТАЙ

Спорт адамның жан серігі. Спортпен қай жастан шұғылдансаң да кеш еместігін дәлелдеп жүрген жерлесіміз Төлеутай Смайылов ауыл жастарына кеңінен танымал. Халықаралық деңгейдегі байрақты бәсекелерге қатысып, жасамыс спортшылар арасында еліміздің намысын қорғап жүрген Төкең балғын спортшылармен болған кездесуде өзінің спортты жастайынан жансерік еткенін әлі де шымыр,ширақ екенін айта келіп, ақ қар мен көк мұзда суық сумен жуынып, салауатты өмір салтын насихаттаған болатын. Бүгінде ағаларына ұқсап мықты да шымыр болып өсуге талпынған спортпен шұғылданушы жасөспірімдер саны арта түскен.

"Сарыарканың төсінде, өмір керуен көшінде, мен келемін жарысып, өмір түгіл түсімде" деген шумақ Төлеутайдың аузынан тастамайтын мақалына айналған. Жуырда аудан әкімдігінің мәжіліс залында жерлесіміз Т.Смайыловпен кездесу болды. Асқаралы алпысқа аяқ басқан спортшы өзінің спорттық ғұмыры жайында баяндап, жұртшылықтың сауалдарына жауап берді. 2010 жылы Қостанайда өткен «Алтын дала» Халықаралық жарысында бірінші орынға ие болса, өткен жылы Екатеринбургтегі марафонға қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Жаңа жыл қарсаңында Қарағанды қаласында ұйымдастырылған жарыста екінші орыннан көрінді. Өзінің Италияда өткізілген әлем кубогі жолындағы жарысқа демеуші табылмағандықтан қатыса алмағына қапалы екенін де жасырмады. Жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттап, патриоттық тәрбие беруде ат салыса беретіндігін айта келіп, қаңтардың аяғында Ленин-



град құрсауының бұзылуының 68 жылдығына арналған «Өмір жолы» марафонына қатысатынын ашық айтты.

Ауылымыздан шыққан спортшыны іргелі жарыстарға қатысуға ірі кәсіпорындардың демеушілік жасау керектігі, міне осындай істе «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы мен ішкі саясат бөлімі мұрындық болуы керектігін кездесуге қатысушылар атап көрсетті. Осы кездесуде «Шеткөмек» несие серіктестігі басқармасының төрағасы Б.Жұмкин мен Қарағанды облыстық кәсіподақтар федерациясы Шет аудандық өкілеттігі төрағасы Айбраевтар марафоншы жерлесімізге алдағы болатын жарысқа қатысуына демеушілік танытып, спорттық жолына табыс тіледі.

Б.ТОЙШЫБЕК.